



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2026 жылғы 19 шілдеден бастап қазақстандықтар
QR-код арқылы банкаралық төлем жасай алады**

Астана

2026 жылғы 17 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы (ҰЦҚИ) жобалары қалай жүзеге асып жатқаны жайында мәлімет берді.

Таныстырылым кезінде Банкаралық мобильді төлемдер жүйесі (БМТЖ) мен оның негізгі сервистері телефон нөмірі арқылы жасалатын банкаралық аударымдар мен QR-код арқылы орындалатын банкаралық төлемдер тетігі іске қосылатыны хабарланды. Қазір бұл жүйеге мобильді қосымшалар арқылы халыққа қызмет көрсететін барлық банк қосылған.

Заңнамаға сәйкес БМТЖ ел көлемінде ресми түрде **2026 жылғы 19 шілдеде** іске қосылады. Осы күннен бастап жүйеге қатысушы банк клиенттері телефон нөмірі арқылы басқа банктің клиенттеріне лезде ақша аударып, сатып алушы мен сатушы қай банк клиенті екеніне қарамастан, QR-код арқылы да тауар мен қызмет ақысын төлей алады. Аударымдар мен төлемдер тәулік бойы нақты уақыт режимінде орындалады.

БМТЖ кәсіпкерлерге жүйеге кірген барлық банктің клиенттерінен бір ғана QR-код арқылы қолма-қол ақшасыз төлем қабылдауға мүмкіндік береді. Ол үшін жаңа жабдық орнатудың қажеті жоқ, қызмет қолда бар терминалдармен көрсетіле береді. Ал мобильді қосымшаларды жаңарту мәселесі бойынша қызмет көрсетуші банктің өзіне жүгіну қажет.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымына Ұлттық төлем жүйесінен бөлек, биометрияны сәйкестендіру платформасы, цифрлық теңге платформасы, ашық банкинг платформасы және Ұлттық антифрод-орталық кіреді.

Бүгінгі таңда Ұлттық төлем жүйесінде күніне шамамен 6,3 трлн теңге өңделеді. Айналымға 340 миллиардтан астам цифрлық теңге шығарылды. Ал биометриялық сәйкестендіру сервисі ай сайын 3,5 миллионға жуық сұранысты қабылдайды.

Антифрод-орталық өз жұмысын бастағалы 165 мыңнан астам алаяқтық оқиғалар мен өзге де заңсыз операцияларды анықтады. Олардың арасында қаржы пирамидалары мен заңсыз ойын бизнесіне қатысты қылмыстар да бар.

ҰЦҚИ жобалары халық пен бизнеске қаржы қызметтерін барынша қолжетімді, қауіпсіз әрі қолайлы етіп, нарықтағы бәсекені дамытып, еліміздегі төлем инфрақұрылымын технологиялық тұрғыда тәуелсіз етуді көздейді.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz